

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Құрама банкет түрі:

- A) банкет-коктейль
- B) банкет-фуршет
- C) коктейль-фуршет
- D) жур фикс
- E) банкет-шай

2. Онлайн режимде бірден расталатын немесе өтінім-брондау арқылы расталатын брондау:

- A) online режимде брондау
- B) хат арқылы брондау
- C) қонақүйдің сайтында брондау
- D) offline режимде брондау
- E) брондау-өтінім

3. Қонақ үйде тұратын адамға, белгілі бір себептермен бизнес-ланчка кешіккен кезде ұйымдастырылатын арнайы қызмет көрсету түрі:

- A) бизнес-ланч
- B) happy hour
- C) dinner
- D) linner
- E) кофе-брейк

4. Мейрамханада қонақ өзіне ұнаған тағамды карта-мәзір бойынша таңдаудың түрі:

- A) а-ля карт
- B) а парт
- C) швед столы
- D) буфеттік қызмет көрсету
- E) табльдот

5. Гигант қонақүйлердің сыйымдылығы:

- A) 150 нөмірге дейін
- B) 600 артық нөмір
- C) 301-600 нөмірге дейін
- D) 30 нөмірге дейін
- E) 151-300 нөмірге дейін

6. Ыстық көжелерді ұсыну температурасы:

- A) 25-50°C
- B) 8-10°C
- C) 15-20°C
- D) 50-60°C
- E) 65-75°C

7. Интерьері ұлттық немесе экзотикалық стильде рәсімделген, ал ас мәзірі аспаздық және стильдер қоспасынан тұратын мейрамхана түрі:

- A) қоғамдық
- B) концептуалды
- C) тақырыптық
- D) виртуалды
- E) әлеуметтік

8. Нөмір жинаушылары жұмыс істеу тәртібі:

- A) тәулікті ауысым
- B) түске дейінгі ауысым
- C) түнгі ауысым
- D) таңғы және кешкі ауысым
- E) түстен кейінгі ауысым

9. Қонақүйде нөмірлік қормен жұмыс істейтін, қонақтарды күтіп алатын, қонақтың барлық құжаттарын рәсімдеуге көмектесетін қызметкер:

- A) брондау бойынша администратор
- B) консерьеж
- C) портье
- D) кассир
- E) швейцар

10. Белгілі бір тұлғаға немесе оқиғаға не мерекеге арнап жүргізілетін салтанатты таңғы ас, түскі ас немесе кешкі ас:

- A) қабылдау
- B) мерчандайзинг
- C) музыкалық бағдарлама
- D) кейтеринг
- E) банкет